

**«Шәкәрім атындағы гимназиясы» КММ
буллингке қарсы командасты туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже Буллингке қарсы команда қызметінің (бұдан әрі - Команда) мақсаттарын, міндеттерін, қалыптастыру тәртібін айқындауды.

1.2. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы №506 бүйрығымен бекітілген Баланы қудалаудың (буллингтің) алдын алу қағидаларына сәйкес өзірленді.

1.3. Команда Педагогикалық кенестің келісімі бойынша білім беру үйымы директорының бүйрығымен құрылады және таратылады.

1.4. Команда өз қызметінде осы Ережені басшылыққа алады.

2. Қызметтің мақсаты мен міндеттері

2.1. Мақсаты: білім беру үдерісіне қатысуышылардың қудалау (буллинг) фактілерінің алдын алу және болдырмау бойынша өзара әрекеттестігін күшейту, қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету үшін білім беру үйымдарындағы қудалау (буллинг) фактілеріне дең қою.

2.2. Команданың міндеттері:

- «ДосболLIKE» қудалаудың (буллингтің) алдын алу және болдырмау жөніндегі бағдарламаға сәйкес қудалаудың (буллингтің) алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметті үйымдастыру;
- білім алушылар мен тәрбиленушілерге қатысты қудалау (буллинг) белгілері анықталған жағдайда дерекет ету, білім алушылар мен тәрбиленушілерге әлеуметтік, үйымдастыру; психологиялық-педагогикалық көмек
- мектептің буллингке қарсы қызметінің диагностикасы мен мониторингін үйымдастыру.

3. Команданы үйымдастыру

3.1. Команда құрамына: мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы, ӘШҚ жөніндегі директордың орынбасарлары, әлеуметтік педагог, педагог психолог, қызмет көрсетуші персонал қатарынан бірнеше белсенді, дәлелді педагогтер мен қызметкерлер, ата-аналар қоғамдастырының өкілдері кіреді.

3.2. Нақты жағдайды қарау, алдын алу іс-шараларын жоспарлау және өткізу, мониторинг және т.б. кезінде тиімді атаулы көмек көрсету мақсатында Команданың құрамына басқа педагогтер де уақытша кіре алады.

3.3. Команданың сандық құрамы және оның өкілеттік мерзімі, жұмыс тәртібі және шешімдер қабылдау білім беру үйымының қажеттілігін ескере отырып, осы Ережемен айқындалады.

3.4. Команда мүшелері бірінші үйымдастыру отырысында дауыс беру жолымен өз құрамынан басшы мен хатшыны сайлайды. Команда басшысы мен хатшысы, егер оларға Команда мүшелерінің жартысынан астамы дауыс берсе, сайланған болып саналады.

3.5. Команданы үйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді (жабдықталған үй-жайды, үйымдастыру техникасын, қажетті әдебиетті

беруді, іс жүргізуді үйімдастыруды және т.б.) білім беру үйімінің директоры жүзеге асырады.

4. Команданың қызметі

4.1. Қауіпсіз білім беру ортасын құру бойынша ресурстардың бастапқы талдауын үйімдастырады.

4.1.1. Команда қудалаудың (буллингтің) алдын алу және оған қарсы іс-кимыл бойынша мынадай қызметті жүзеге асырады:

4.1.2. Мектептегі ортаны талдау, қудалаудың болуын, сондай-ақ білім беру үйімінде оның пайда болуының нақты тәуекелдерін негізделген дәлелдемесін қалыптастыру үшін мектепішілік мониторинг, анонимді сауалнамалар жүргізуді үйімдастырады.

4.1.3. Пікіртерім нәтижелерін өндеуді үйімдастырады, білім беру үйімінде қудалау (буллинг) мәселесінің нақты жай-күйін көрсете отырып, талдамалық анықтама қалыптастырады.

4.1.4. Мектеп педагогтері мен қызметкерлерінің қудалаудың (буллинг) және кибербуллингтің (біліктілікті арттыру, семинарларға, конференцияларға қатысу және т.б., жарияланымдар, тәжірибе алмасу және т.б.) алдын алу мәселелері бойынша дайындығы деңгейін талдайды.

4.1.5. Педагогикалық кеңеске білім беру үйімінде қудалау (буллинг) мәселесінің болуын мойындау, онымен жұмыс істеу нұсқауын қалыптастыру туралы материалдар дайындайды.

4.1.6. Білім беру үйімінде буллингпен жұмыс істеу жүйесін құруға дайын белсенді, дәлелді педагогтерді, қызметкерлерді, ата-аналар қоғамдастығының өкілдерін іріктейді және біріктіреді.

4.1.7. Оқу-тәрбие үдерісінің ерекшелігін, білім алушылар контингентін, ата аналар қоғамдастығының пікірін, білім беру үйімінде қалыптастан дәстүрлерін ескере отырып, «ДосбоLIKe» қудалаудың (буллингтің) алдын алу бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз ету бойынша білім беру үйімінде нормативтік құқықтық базасын пысықтайды.

4.1.8. Педагогтармен бірлесіп, буллингтің алдын алу және «ДосбоLIKe» бағдарламасын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлейді.

4.1.9. Білім беру үдерісіне қатысушыларды Команданың қызметі туралы үнемі хабардар етеді, оң тәжірибелі таратуды қамтамасыз етеді.

4.1.10. Білім беру үдерісіне қатысушыларды қауіпсіз білім беру ортасын құру мәселелері бойынша оқытууды үйімдастырады (педагогтер мен техникалық қызметкерлер үшін коммуникацияның зорлық-зомбылық тәсілдерін, буллинг белгілерін тани білу, буллингтің алдын алу ерекшеліктері және т.б. бойынша оқыту сабактарын өткізу (үйімдастыру)).

4.1.11. Білім беру үйімінде алдын алу іс-шараларын жүргізуді үйлестіреді.

4.1.12. Ата-аналарды алдын алу іс-шараларын жүргізуге және консультациялық көмек көрсетуге тартады.

4.1.13. Оқушылардың өзін-өзі басқаруын «ДосбоLIKe» қудалаудың (буллинг) алдын алу бағдарламасын іске асыруға кіріктіреді.

4.1.14. Буллингке қарсы ағартуды жүргізу мақсатында қызметі білім беру үдерісіне қатысушылардың құқықтарын қорғауға қайшы келмейтін серіктес үйімдармен (коммерциялық емес үйімдар, психологиялық орталықтар,

буллинг тақырыбымен жұмыс істейтін басқа да мектептер, Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиясы, қалалық медиа қызметтер, сенім телефондары) ынтымақтастықты ұйымдастырады.

4.1.15. Зорлық-зомбылық жағдайларының таралуы бойынша мектеп ішіндегі ахуалға, білім беру үдерісіне қатысуышылардың көмек сұрауға дайындығына мониторинг жүргізеді, жағдайлармен жұмыс динамикасын қадағалайды.

4.1.16. Біліктілікті арттырудың перспективалық жоспарына енгізу үшін мектеп мамандарының білім алу қажеттілігін айқындейді.

4.1.17. Мектептегі буллингке қарсы саясатты, буллингтің алдын алу жоспарын айқындау, мектеп инфракүрылымын өзгерту үшін ұсыныстар әзірлейді.

4.2. Команда қудалау (буллинг) жағдайларына ден қою бойынша мынадай қызметті жүзеге асырады:

4.2.1. «Баланы қудалаудың (буллингтің) алдын алу қағидаларына» және «Білім беру үйымында қудалау (буллинг) жағдайындағы іс-қимылдар алгоритміне» сәйкес буллинг жағдайлары туралы белгілерді қабылдайды.

4.2.2. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қатысты қудалау (буллинг) белгілері анықталған жағдайда оларға дереу ден қоюды ұйымдастырады.

4.2.3. Білім беру үйымдарында әрбір нақты қудалау (буллинг) жағдайы бойынша көмек көрсетудің жеке жоспарын әзірлейді.

4.2.4. Нақты сыныпта анықталған буллинг жағдайы бойынша көмек көрсету жоспарын іске асыруды үйлестіреді.

4.2.5. Қудалаудан (буллингтен) зардал шеккен оқушыларға көмек көрсетуді ұйымдастырады, ата-аналарға көмектің қажеттілігі мен мәнін, кәсіби көмек алу бойынша ұсынымдарды түсіндіреді.

5. Құқықтары

5.1. Функциялар мен міндеттерді жүзеге асыру үшін Команданың:

5.1.1. Ұйымның, оның ішінде Команданың құзыретіне жататын мәселелер бойынша өткізілетін кеңестеріне қатысуға;

5.1.2. Командаға жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті ақпарат пен материалдарды белгіленген тәртіппен сұратуға.

5.1.3. Мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен, басқа ұйымдармен қарым-қатынаста Команданың құзыретіне жататын және ұйым басшысымен келісуді талап етпейтін мәселелер бойынша білім беру үйымының атынан өкілдік етуге;

5.1.4. Қудалаудың (буллингтің) алдын алу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұйымның қызметін перспективалық дамыту, жетілдіру бойынша ұсыныстарды қарауға енгізуге құқығы бар.

6. Жауапкершілігі

6.1. Команда қатысуышыларына мыналар үшін жауапкершілік жүктеледі:

6.1.1. осы Ережеде айқындалған Команданың функциялары мен міндеттерін орындау (тиісінше орындау) – КР қолданыстағы заңнамасында айқындалған шектерде;

6.1.2. басқа да ықтимал шараларды қоса алғанда, қудалаудың (буллингтің) жолын кесу үшін шаралар колданбау; қудалауды бастаушымен және

катысушылармен әңгімелесу, қудалауды бастаушиның және катысушылардың ата-аналарымен әңгімелесу;

6.1.3. өздеріне белгілі болған қудалау (буллинг) эпизодтары туралы кідірту немесе білім беру үйымының басшысына хабарламау;

6.1.4. қудалауды тоқтатуға бағытталған шараларды, сондай-ақ ішкі тәртіп қағидаларында және білім беру үйымының жарғысында көзделген қудалауды бастаушы мен катысушыларға тәртіптік жазалау шараларын немесе білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген өзге де шараларды қабылдамау;

6.1.5. егер жасырын болуды сактау туралы өтініш білдірілсе, өзіне белгілі болған мектептегі қудалау фактілері туралы хабарлаған оқушының жасырын болуын сактамау.

6.2. Команданың функциялары мен міндеттерінің орындалуына Команда жетекшісі жауапты болады.

Глоссарий

Буллингке қарсы команда – балалар ұжымдарындағы қудалаудың алдын алу және оны тоқтату арқылы мектепте қауіпсіз ортаны құруға белсенді катысатын мектеп қызметкерлерін (әкімшілік, педагогтер, қызмет көрсететін персонал, ата аналар қатарын) біріктіретін мектептің құрылымдық бөлімшесі.

Буллингке қарсы құзыреттер – қудалаудың (буллингтің) анықталған жағдайымен жұмыс істеу, қудалаудың (буллингтің) алдын алууды үйымдастыру, осы мәселе бойынша білім беру ортасының жай-күйіне мониторинг жүргізу, ата аналарды оқыту үшін қажетті білім, икемділік, дағдылар.

Мектептегі құрылымдық бөлімше – белгілі бір белгілер немесе өлшемшарттар бойынша оқушыларды, мұғалімдерді және басқа да қызметкерлерді біріктіретін білім беру мекемесінің ұйымдастыруышы бірлігі. Әртүрлі оқу және тәрбие үдерістері жүзеге асырылатын мектептің функционалдық жүйесін құруда маңызды рөл атқарады.

Қауіпсіз білім беру ортасы – білім беру үдерісінің әрбір катысушысына психологиялық-физикалық қауіпсіздігінің құқықтары мен нормаларының сакталуына кепілдік берілетін, әрбір білім алушының жеке дамуы үшін жағдайлар жасалатын мектептің ішкі өмірінің тұтас сапалық сипаттамасы.

Консультациялық көмек – мақсаты ата-аналардың (занды өкілдердің) кәмелетке толмағандарға білім беру және тәрбиелеу мәселелеріндегі құзыреттілік деңгейін арттыру болып табылатын кәмелетке толмағандарды дамыту, әлеуметтендіру, тәрбиелеу және оқыту мәселелері бойынша психологиялық педагогикалық көмек.

Мектептегі іс-қымыл алгоритмі

БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ЖӘБІРЛЕУ (БУЛЛИНГ) БЕЛГЛЕРІНЕ ДЕРЕУ ДЕН ҚОЮ АЛГОРИТМІ

Егер сіз қақтығыстың, жәбірлеудің (буллингтің) куәгері болсаңыз, онда мына әрекеттерді жасаңыз:

1. бағаланыз.
2. тоқтатыңыз.
3. Жағдайдың қатысуышылар және сіз үшін қаншалық қауіпті екенін Жағдайға кері байланыс беріңіз: ескерту жасаңыз, қатысуышыларды Егер қақтығысты тоқтату мүмкін болмаса, қатысуышылардың денсаулығы мен өміріне қауіп төнсе, кез-келген адамды көмекке шақырыңыз.
4. Оқиға туралы Буллингке қарсы команда мүшелеріне, мектеп әкімшілігіне немесе кезекшіге келесі номерлер арқылы хабарлаңыз:
5. Қажет болған жағдайда жанжалға қатысуышылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдаңыз.
6. Қажет болған жағдайда алғашқы медициналық көмек көрсету үшін мектептің медицина қызметкерлерін шақырыңыз.
7. Әрі қарай оқиғаға куәгер ретінде ат салысыңыз.

БУЛЛИНГКЕ ҰШЫРАГАН ОҚУШЫНЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Осы ережелер үш блоктан тұрады:

- ♣ Егер сіз жәбірлеудің/буллингтің куәгері болсаңыз
- ♣ Егер сіз жәбірлеудің/буллингтің құрбаны болсаңыз
- ♣ Егер сіз жәбірлеу/буллинг жағдайында агрессор болсаңыз.

ЕГЕР СІЗ ЖӘБІРЛЕУДІҢ/БУЛЛИНГТІҢ КУӘГЕРІ БОЛСАҢЫЗ

1. Мәселенің бар екенін мойында. Егер біреудің үнемі көңілсіз жүретінін байқасаң, онда бәрі өздігінен шешіледі деп күтүге болмайды. Мәселені мүмкіндігінше тезірек шешуді бастау керек.
2. Өзің сенетін ересек адамға оқиға туралы баянда: ата-анаңа, сынып жетекшіне, мұғалімдерінің біріне немесе мектеп психологіне жүгін. Егер оларға жүгінуге қысылсан, онда оқиға туралы хат жазып, хатты сенім жәшігіне сал.
3. Егер сен біреудің ренжіткенін көрсөң, араша түсуге тырыс. Жәбірлеу/буллинг жағдайында өзіңе қауіп төндірмеуің керек, бірақ жәбірлеу/буллинг жағдайына күә болсан, онда дереу кедергі жасап, оқиғаны тоқтату маңызды. Егер мұны өзің жасай алмайтыныңды білсең немесе сезсең – айналандағы ересектердің көмегіне жүгінуің керек.
4. Агрессорға жәбірлеудің/буллингтің жаман әрекет екенін және оны қолдамайтыныңды түсіндір. Жәбірлеу/буллинг – бұл басқа адамның қадір қасиетін төмендететін адам құқықтарының бұзылуы екендігін ескерту жеткілікті. Бұл үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік көзделген.

5. Буллинг күрбанына қолдау көрсет. Сыныпта болып жаткан жәбірлеу/буллинг оқиғаларына карсы екенінді көрсет әрі қолдамайтыныңды түсіндір.

6. Басқаларға үлгі бол. Сыныбында әртүрлі жағдайлар болуы мүмкін. Мысалы, балалар бір-бірімен дос болғысы әрі араласқысы келеді, бірақ оны қалай жасау керегін білмейді. Біреу екінші бір адамды ренжітіп көніл көтеруге, өздері ұнатпайтын балага карсы бірігуді шығарған. Өзіннің әрекетінмен дос болу, қарым қатынасқа тұсу, жайғана білім алу күн сайын агрессия мен жағымсыз эмоцияларға ұшырауға қарағанда әлдеқайда жақсы екенін көрсет. Ал оны тек бір-біріне құрметпен қараған жағдайдаға ғана көрсете аласын.

ЕГЕР СІЗ ЖӘБІРЛЕУДІҢ/БУЛЛИНГТІҢ ҚҰРБАНЫ БОЛСАҢЫЗ

1. Абдырап қалма! Басында агрессорға мүлдем көніл аудармауға тырыс. Бұл әрекет агрессор сенің жәбірлеудің құрбаны болуға бейім екенінді тексеру кезінде іске асады. Егер агрессор күш қолданып жатса бұл әдіс іске аспайды.

2. Мүмкін болса, агрессордан аулак жүргүгінде тырыс. Агрессор әдетте саған шабуыл жасайтын, адамдар аз жүретін орындармен жүрмеуге тырыс. Үлкендерге, әсіресе ересектер мен мұғалімдерге жақын бол. Ересек адамдардың болуы агрессорды тоқтата алады. Егер жәбірлеу/буллинг мектепке барада жолда болса, онда мектепке баратын және үйіңе қайтатын кезде басқа жолды таңда.

3. Өзіңе ұнамайтынын айт! Агрессорға «Тоқта», «Доғар», «Стоп» деген нақты сөздерді қолданып, оның әрекетінің саған ұнамайтынын жеткіз.

4. Екінші бір адамға сені жәбірлеп жатқанын ескерт, дабыл қақ. Бұл туралы өзің сенетін мұғалімге, ата-анаңа, мектеп директорына немесе Буллингке қарсы команда мүшесіне ескерт.

5. Сенім білдір: Есінде болсын, буллингке ұшырағаныңа кінәлі емессің. Көмек пен қолдау сұрауға қорықпа.

ЕГЕР СІЗ ЖӘБІРЛЕУ/БУЛЛИНГ ЖАҒДАЙЫНДА АГРЕССОР БОЛСАҢЫЗ

1. Тоқта және ойлан: өз әрекеттерінмен басқаларға тигізетін зардабың туралы түсінуге тырыс.

2. Көмек сұра: жағдайды түсіну үшін мұғаліммен, ата-анаңмен немесе өзің сенетін ересек адаммен сөйлес.

3. Кешірім сұра және түзел: егер біреуді ренжіткен болсан, кешірім сұра, мінез-құлқының жақсы жаққа өзгертуге тырыс.

4. Өз эмоциярының танып, оны басқаруды үйрен: осындай жағдайлардың қайталануын болдырмау үшін эмоциярының және мінез құлқының қалай басқаруға болатындығы туралы білуге тырыс.

5. Шешім қабылда: осы секілді оқиғаны болдырмау үшін, өзің жүрген ортада позитивті болуға тырыс.

Антибуллинг командасы құрамы

А.Н.Ахметова – Антибуллинг командасты төрайымы, мектеп директоры

Мүшелері:

1. **Ж.Б.Укиметова** – мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының міндетін атқарушы, команда мүшесі;
2. **Ж.А.Мусина** – өлеуметтік педагог
3. **Ш.К.Рахимберлина** – аға тәлімгер
4. **С.К.Ниязова** – кітапханашы
5. **С.М.Жумабекова** – педагог психолог, куратор, команда мүшесі;
6. **Т.Р.Сайдова** - ата-аналар қоғамдастығының өкілі
7. **В.И.Диль** – сынып жетекші
8. **Н.Г.Журавлева** – сынып жетекші
9. **Ә.Б.Сеілқан** – сынып жетекші
10. **А.М.Амирбекова** – сынып жетекші
11. **Т.Х.Сабитова** – сынып жетекші
12. **Ж.Т.Майкотова** – сынып жетекші
13. **Л.Н.Жукова** – сынып жетекші
14. **В.Т.Бимендина** – сынып жетекші
15. **С.Е.Беков** – дene шынықтыру пәні мұғалімі

Антибуллинг командасының жұмыс жоспары

№	Іс-шаралар атауы	Мерзімі	Жауаптылар	Аяқталу нысаны
1	<p>Антибуллинг командасының (бұдан өрі - АК) қызметін үйымдастыру</p> <p>1. АК отырысын өткізу:</p> <ul style="list-style-type: none"> - басшы мен хатшыны таңдау; - акцияға қатысушылар арасында функцияларды, міндеттерді, жауапкершілікті бөлу. <p>2. Антибуллинг командасы туралы Үлгілік ережеге түзетулер енгізу (қажет болған жағдайда).</p> <p>3. Ұнталы педагогтерді, үйым қызметкерлерін тарта отырып, антибуллинг командасын қалыптастыру</p>	Тамыз	Директор, АК төрайымы мен хатшы	Хаттама Ереже АК құрамы
2	<p>Диагностика жүргізу ді үйымдастыру:</p> <ul style="list-style-type: none"> - білім беру ортасындағы қорқытудың таралуы мен ерекшеліктері (1-11 сынып оқушылары); - білім беру үйымындағы эмоционалды атмосфераның әл ауқат деңгейі (10-11 сынып оқушыларының атап-аналары) 	Тамыз	Мектеп психологі, кураторлар	Откізу кестесі, диагностика материалдары, талдамалық анықтама
3	<p>Білім алушылардың жағдайлары мен осал топтары туралы деректерді жинауды қоса алғанда, білім беру үйымдарында буллингтің ағымдағы жай-күйіне кешенді талдау жүргізу ді үйымдастыру</p>	Тамыз	АК мүшелері	Талдамалық анықтама
4	<p>«ДосболLIKE» балаларды қорқытудың (буллингтің) алдын алу бағдарламасы туралы ақпараттық науқанды үйымдастыру:</p> <p>1. Білім беру үйымының</p>	Тамыз	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, психолог, Бас куратор	<p>Үнемі</p> <p>Ақпарат</p>

	<p>педагогтері үшін орнату семинарын өткізу</p> <p>2. Білім беру үйымының қызметкерлері үшін семинарлар өткізу</p> <p>3. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталыктары шенберінде ата-аналарға арналған сабактар бағдарламасына баланы қорқытудың (корқытудың) алдын алу тақырыптарын енгізу</p> <p>4. Әлеуметтік желілерде посттар орналастыру;</p> <p>5. Білім беру үйымының сайтында айдар құру</p>		мен кураторлар	Сабак бағдарламасы
5	Баланы қорқытудың (буллингтің) алдын алу жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу және оны іске асыру	Тамыз	Мектеп директоры	Жоспар
6	<p>Педагогикалық кеңеске дайындық;</p> <ul style="list-style-type: none"> - педагогикалық кеңеске білім беру үйымында қорқыту (буллинг) проблемасының бар екенін мойындау, онымен жұмыс істеу үшін көзқарасты қалыптастыру туралы материалдар; - АҚ және білім беру үйымдарының қызметтің регламенттейтін құжаттарды бекіту үшін 	Тамыз	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, АҚ мүшелері, тәрайым мен хатшы	<p>Педагогикалық кеңестің хаттамасы</p> <p>Ақпарат.</p> <p>Құжаттар</p>
7	<p>1. Үйымдастыру:</p> <p>1. «Өркен» КЕАҚ базасында «Білім беру үйымдарында буллингтің алдын алу бағдарламасының ғылыми практикалық негіздері және мазмұны» бағдарламасы</p>	Тамыз	Директор, Педагогтер, психолог	<p>Тренингтер кестесі</p> <p>Ата- аналардың тізімі</p> <p>Бірлескен іс-</p>

	<p>Біліктілікті арттыру кестесі бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру;</p> <p>2. Білім беру үйымының қызметкерлерін (техникалық персонал, медбикелер, ас блогының қызметкерлері және т. б.) балалар арасындағы агрессия/корлау көріністеріне жауап беруге үрету;</p> <p>3. Қорқытудың нақты жағдайларын шешу бойынша мұдделерді, ұстанымдарды және өзара іс-қимыл тәсілдерін келісу үшін ата-аналармен ынтымақтастық;</p> <p>4. «ДосболLIKE» балаларды қорқытудың (буллингтің) алдын алу бағдарламасы іске асыратын білім беру үйымдарымен желілік өзара іс қимыл жасау;</p> <p>5. Әлеуметтік әріптерді тарту, мұдделі мемлекеттік органдар мен үйымдарды, үкіметтік емес үйымдарды, бизнес-құрылымдарды тарту жөніндегі жұмыстар</p>		шаралар жоспары Шарттар, меморандумдар	
8	Білім беру үйымдарында ықтимал қақтығыстар аймақтарын белгілеу (киім ауыстыратын бөлмелер, рекреациялар, дәретханалар, мектеп аумағы және т.б.), оларды бейнекамералармен жабдықтау	Тамыз	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	Мектеп схемасы Жою жоспары
9	Бастауыш, негізгі, жоғары мектеп балаларына арналған бағдарлама бойынша сабактарды сыйнштардың	Тамыз		Тәрбие жұмысының жоспарлары. Кесте.

	тәрбие жұмысының жоспарларына косу. Олардың өткізілуіне бақылауды үйымдастыру			
10	Енгізілетін буллингке карсы бағдарламаның мақсатын, міндеттерін, жұмыс әдістерін түсіндіре отырып, жалпымектептік ата-аналар жиналысын өткізу	Қыркүйек	Директор, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, кураторлар	Хаттама
11	<p>АК және оқушылардың өзін-өзі басқаруының бірлескен отырысын өткізу: 1. Корқытуудың алдын алу бойынша мінез-құлық ережелерін әзірлеу</p> <p>2. Оқыту бағдарламасы бойынша жобалау қызметін іске асыру</p> <p>3. Мектептің өзін-өзі басқару жұмысына қорқытуудың алдын алу шараларын енгізу</p> <p>4. Жасаралық өзара іс-кимылды үйымдастыру (Жоғары сатыдағы білім алушылар)</p>	Қыркүйек	Директор, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, кураторлар	<p>Хаттама.</p> <p>Мектептегі өзін-өзі басқарудың жұмыс жоспары</p>
12	Білім беру үйымындағы эмоционалды атмосфераның әл-ауқат деңгейін диагностикалау (білім беру үйымының педагогикалық ұжымы)	Қаңтар	Кураторлар, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	Материалдар. Талдамалық анықтама
13	<p>Диагностикалау:</p> <p>1. білім беру ортасындағы қорқытуудың таралуы мен ерекшеліктері (10-11 сынып оқушылары);</p> <p>2. білім беру үйымындағы эмоционалды атмосфераның әл ауқат деңгейі (10-11 сынып оқушыларының ата-аналары)</p>	Мамыр	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, психолог, кураторлар	Өткізу кестесі, диагностика материалдары, талдамалық анықтама

14	Мектеп сайтында, стендтерде, әлеуметтік желілерде материалдарды дайындау және орналастыру	Үнемі	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,	Материалдар
15	«ДосболLIKE» балаларды корқытудың (буллингтің) алдын алу бағдарламасын іске асырудың он тәжірибесін тарату	Үнемі	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, педагогтер	Материалдар
16	Баланы корқытудың (буллингтің) алдын алу жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуын талдау	Мамыр	АК мүшелері	Есеп
17	«ДосболLIKE» балаларды корқытудың (буллингтің) алдын алу бағдарламасын іске асырудың барысы жайында талдамалық есеп дайындау	Мамыр	АК мүшелері	Талдамалық анықтама
18	Келесі оқу жылына баланы корқытудың (буллингтің) алдын алу жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобасын әзірлеу	Маусым	АК мүшелері	Жоспар